

"Мұнай мен газды сақтау және тасымалдау" бағыты бойынша мұнай-газ саласындағы кәсіптік стандарттарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2024 жылғы 23 желтоқсандағы № 479 бұйрығы

"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Авариялық-қалпына келтіру жұмыстары" кәсіптік стандарты;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Мұнайды қабылдау, сақтау және жеткізу" кәсіптік стандарты;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Мұнайды жолдық ысыту" кәсіптік стандарты ;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Мұнай бойынша тауар-көлік операциялары" кәсіптік стандарты;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Технологиялық жабдықтарды пайдалану және жөндеу" кәсіптік стандарты;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Магистральдық құбырларды пайдалану" кәсіптік стандарты;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Құбыр көлігіндегі коррозияға қарсы қорғаныс (Коррозиядан қорғау)" кәсіптік стандарты;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес "Мұнай тасымалдауды басқару" кәсіптік стандарты;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес "Газды қабылдау, сақтау және босату" кәсіптік стандарты;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес "Газды қабылдау, сақтау және сату" кәсіптік стандарты;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес "Компрессорлық станцияны пайдалану және жөндеу" кәсіптік стандарты;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес "Газ тарату құбырларын пайдалану және жөндеу" кәсіптік стандарты;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес "Газ бойынша тауар-көлік операциялары" кәсіптік стандарты;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес "Газ тасымалдауды басқару" кәсіптік стандарты;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес "Магистральдық газ құбырының желілік бөлігін пайдалану және жөндеу" кәсіптік стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай тасымалдау және өндеу департаменті заңнамада бекітілген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық оның алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі ресми жарияланымына сілтеме Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасында орналастыру үшін жіберуді;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің Құқықтық қызмет департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі*

А. Саткалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2024 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 479 бұйрығына
1-қосымша

"Авариялық-қалпына келтіру жұмыстары" кәсіптік стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы:

Бұл КС "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және тасымалдаудың қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз ету, аварияларға ден қою және төтенше жағдайларда жүйелердің жұмысын жедел қалпына келтіру үшін мұнай мен газды құбыр, теңіз, теміржол және автомобиль көлігімен тасымалдау салаларында қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) авариялық-қалпына келтіру жұмыстары – бұл төтенше жағдай аймағындағы қирау және жоғары қауіптілік ошақтарын оқшаулау, құбырлардағы авариялар мен зақымдануларды жою жөніндегі бірінші кезектегі жұмыстар;

2) авариялық-қалпына келтіру пункті – желілік-өндірістік диспетчерлік станцияда, айдау станцияларында немесе құю станцияларында құрылады;

3) білім – кәсіби міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерттелген және игерілген ақпарат;

4) дағды – кәсіби тапсырманы толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен дағдыларды қолдану мүмкіндігі;

5) магистральдық құбырдың желілік бөлігі – өнімді тікелей тасымалдауды жүзеге асыратын жерасты, суасты, жербеті, жерүсті құбырлары;

6) машық – кәсіби міндет шеңберінде жеке бірлік іс-әрекеттерді физикалық және (немесе) ақыл-оймен орындау қабілеті;

7) салалық біліктілік шеңбері – орындалатын жұмыстардың күрделілігіне және салада пайдаланылатын білімдердің, іскерліктер мен құзыреттердің сипатына қарай Қазақстан Республикасының Ұлттық сабақ сыныптауышы, ұлттық біліктілік шеңбері негізінде әзірленеді және деңгейлер бойынша маманның біліктілігіне қойылатын талаптарды жіктейтін құжат;

8) техникалық қызмет көрсету – жабдық элементтерінің және электрхимиялық қорғау құралдарының уақытынан бұрын тозуын немесе олардың бұзылуын болдырмауға, жөндеуаралық кезеңде жабдықтың сенімді жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешені;

9) ұшқышсыз ұшатын аппарат – бортта экипажы жоқ ұшу аппараты немесе қашықтан басқарылатын ұшу аппараты.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

1) АҚКЖ – авариялық-қалпына келтіру жұмыстары;

2) БТБА – бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

3) КС – кәсіби стандарт;

4) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

5) ҰСҰА – ұшқышсыз ұшатын аппарат.

2-тарау. Кәсіптік стандарттың төлқұжаты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Авариялық-қалпына келтіру жұмыстары.

5. Кәсіптік стандарттың коды: Н49500103.

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

Н Көлік және қоймалау;

49 Құрлық және құбырмен жүретін көліктің қызметі;

49.5 Құбыр көлігінің қызметі;

49.50 Құбыр көлігінің қызметі;

49.50.0 Құбыр көлігінің қызметі.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Мұнай-газ өнеркәсібі объектілерінің істен шығулар мен авариялар кезінде жұмыс қабілеттілігін, сондай-ақ авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу үдерісін қамтамасыз ету.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

1) авариялық-қалпына келтіру пунктiнiң бастығы - 6 СБШ-нiң деңгейi;

2) теңiзде мұнай және мұнай өнiмдерiнiң авариялық төгiлуiмен күрес жөнiндегi инженер - 6 СБШ-нiң деңгейi;

3) су астындағы техникалық жұмыстар жөнiндегi инженер - 6 СБШ-нiң деңгейi;

4) авариялық-қалпына келтіру пунктi мастері - 5 СБШ-нiң деңгейi;

5) сүнгүірлік жұмыстардың шебері - 5 СБШ-нiң деңгейi;

6) магистральдi мұнай құбырлары мен су құбырларын тексерушi борт оператор - 3 СБШ-нiң деңгейi;

7) 3.1. авариялық-қалпына келтіру пунктiнiң электр-газбен дәнекерлеушiсi - 3 СБШ-нiң деңгейi;

8) бонндық бөгеттердi орнату жөнiндегi мастер - 5 СБШ-нiң деңгейi;

9) бонды қоршаулар орнату және мұнай жинау жөнiндегi слесарь - 3 СБШ-нiң деңгейi;

10) ұшқышсыз ұшатын аппараттар операторы - 3 СБШ-нiң деңгейi;

11) 3.2. авариялық-қалпына келтіру пунктiнiң электр-газбен дәнекерлеушiсi - 3 СБШ-нiң деңгейi;

12) 3.3. авариялық-қалпына келтіру пунктiнiң электр-газбен дәнекерлеушiсi - 3 СБШ-нiң деңгейi.

3-тарау. Кәсіптер карточкалары

9. "Авариялық-қалпына келтіру пунктiнiң бастығы" кәсіптiң карточкасы:	
Топтың коды:	1329-1
Қызмет атауының коды:	-
Кәсіптiң атауы:	Авариялық-қалпына келтіру пунктiнiң бастығы
СБШ бойынша бiлiктiлiк деңгейi:	6

СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	БТБА немесе БА-мен байланысы жоқ		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Инженерия және инженерлік іс	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Кәсіби салада кемінде 3 жыл		
Формалды емес және информгалы біліммен байланыс:	Қажет емес		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	-		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Авариялық-қалпына келтіру пунктіне басшылықты жүзеге асыру		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	<p>1. Құбыр саңылаусыздығының жоғалуы нәтижесінде тасымалданатын мұнай өнімінің бақылаусыз ағуы туындаған жағдайда магистральдық мұнай құбырының бекітілген учаскесінде авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастыру</p> <p>2. Магистральдық мұнай құбырларында мұнай мен мұнай өнімдерінің авариялық төгілуіне қарсы күрес жөніндегі қызметті техникалық қамтамасыз ету</p>	
	Қосымша еңбек функциялары:	-	
	Дағды 1: Авариялық-қалпына келтіру пунктін дайындауға жедел-техникалық басшылық ету	<p>Машықтар:</p> <p>1. АҚҚ-ның өндірістік-шаруашылық қызметіне басшылық жасау, өндірістік тапсырмалардың сапалы орындалуын қамтамасыз ету, ағымдағы өндірістік жоспарлауды, есепке алуды ұйымдастыру, АҚҚ-ның өндірістік қызметі туралы есептерді жасау және уактылы ұсыну</p> <p>2. ЖЖЖ кестесінің жылдық жоспарын әзірлеуді және орындауды ұйымдастыру, магистральдық құбырлар мен олардың объектілерін үздіксіз пайдалануды қамтамасыз ету</p> <p>3. Магистральдық құбырлардың желілік бөлігінде құбыр денесінің ақауларын жою және оқшаулағыш жабынды жөндеу бойынша жөндеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру</p> <p>4. Ішкі қуысты тазарту бойынша жоспар-кестенің орындалуын қамтамасыз ету</p> <p>5. Бекітілген учаскелерде магистральдық мұнай құбырлары жұмысының сенімділігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастыру - техникалық</p>	

іс-шаралар жоспарын орындау (күзет аймағында басқа қызметтер мен ұйымдар орындайтын барлық жұмыстарға қатысу және қадағалау, апаттардың алдын алу және алдын алу мақсатында кестеге сәйкес техникалық қызмет көрсету және жөндеу іс-шараларын жүргізу)

6. Тұрақты патрульдеу арқылы трассаның жағдайын бақылауды жүзеге асыру

7. АҚҚ барлық техникалық құралдарын АҚЖ-ға тұрақты дайындықта ұстау (жетіспейтін құрылғыларды уақтылы жөндеу және жинақтау; жөндеу жұмыстарын орындау үшін жабдық пен аспаптар; құбырлардың авариялық қорының тиісті техникалық жай-күйін, сақталуын және есепке алынуын, болуын және жұмсалуын қамтамасыз ету, құбырлардың, жанар-жағармай материалдарының, қосалқы бөлшектердің, қосалқы бөлшектер қорының және басқа да шығын материалдарының авариялық қорын уақтылы толықтыру)

8. Персонал мен техниканың АҚЖ орындауға дайындығын тексеру үшін ықтимал апаттарды жою жоспарын пысықтай отырып, кестеде белгіленген мерзімдерде жөндеу персоналының кәсіби дайындық деңгейін, оқу дабылдарын және апатқа қарсы жаттығуларды өткізу арқылы арттыру. Оқу-жаттығу бағдарламалары ықтимал апаттарды жою жоспарының іс-шараларын орындауға бағытталуы тиіс. Оқу-жаттығулардың санын және олардың мазмұнын жөндеу персоналының біліктілігіне, қызмет көрсетілетін учаскенің, трассаның күрделілігіне, табиғи-климаттық жағдайларға және т. б. байланысты басшылық айқындайды

9. Авариялық-қалпына келтіру пунктінің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті материалдық-техникалық құралдардың, ЖЖМ мен жабдықтардың қажеттіліктерін айқындау, ЖЖМ қорларын, қосалқы бөлшектер мен материалдарды уақтылы толықтыру (құбыр трассасының әрбір учаскесінде құбырлардың авариялық қоры құрылуы тиіс)

Білімдер:

1. Магистральдық құбырлар саласындағы өндірістік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметті регламенттейтін заңнамалық және нормативтік актілер

2. Құбырлар мен құрылыстардың трассада орналасуының технологиялық сызбасы

3. Мұнайдың, мұнай өнімдерінің және көмірсутек газдарының физикалық және химиялық қасиеттері

4. Құбыр өтетін аймақтағы байланыс жүйелері

5. Техникалық деректер, магистральдық мұнай құбырына техникалық қызмет көрсету және жөндеу

		<p>және авариялық-жөндеу пунктін техникалық жарақтандыру нормалары</p> <p>6. Шығу себептері, анықтау әдістері, апаттар мен құбырдың зақымдану түрлері</p> <p>7. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік талаптары</p> <p>8. Құжаттаманы ресімдеу тәртібі, актілер мен есептілікті жасау</p> <p>9. Қажетті бағдарламалық жасақтаманы иелену</p> <p>10. Ішкі еңбек тәртібінің тәртібі, ережелері еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары</p>
Еңбек функциясы 1:	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
<p>Қ ұ б ы р саңылаусыздығының жоғалуы нәтижесінде тасымалданатын мұнай өнімінің бақылаусыз ағуы туындаған жағдайда магистральдық мұнай құбырының бекітілген учаскесінде авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастыру</p>	<p>Дағды 2: Апаттар мен зақымдануларды жедел жою</p>	<p>Машықтар:</p> <p>1. Мыналар:</p> <p>1) апат орнын іздеуді ұйымдастыру, оның сипатын айқындау</p> <p>2) АҚК персоналы мен техникалық құралдарын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілетін жерге жинау, әкелу және жеткізу</p> <p>3) құбырда авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастыру және орындау жөніндегі ықтимал апаттарды жою жоспарының іс-шараларын орындау</p> <p>2. Патрульдік топтың трассаны бақылап қарауын ұйымдастыру (бұл ретте жеке қорғаныс құралдарымен, айдалатын мұнай өнімінің төгілу орнын қоршауға арналған сигналдық белгілермен, қажетті аспаппен, құрал-саймандармен, материалдармен және байланыс құралдарымен жарақтандырылуы тиіс). Мұнай өнімінің бетіне шығу іздері анықталған кезде:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тиісті лауазымды тұлғалар мен қызметтерге хабарлау - мұнай өнімінің көлік магистральдары ауданына түсу қаупі төнген жағдайда, диспетчер, тиісті құрылымдар мен қызметтерді (жергілікті билік және басқару органдарын, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін, Төтенше жағдайлар департаментін, Көлік прокуратурасын, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдарды, "КӨАҚК", сондай-ақ қажеттілігіне қарай жедел жәрдем қызметі, полиция және т. б.) бұл туралы хабардар ете отырып, тас жол, темір жолдар мен өзендер бойынша қозғалысты тоқтату <p>Апатты жоюға жауапты адам келгенге дейін:</p> <ul style="list-style-type: none"> - төгілген кезде адамдарды қауіпті жерлерден шығаруды қамтамасыз ету - диспетчердің келісуі бойынша ысырмаларды жабу арқылы зақымдалған аймақты оқшаулау

- мұнай өнімінің су айдындарына, елді мекендерге түсуін болдырмай, мұнай өнімінің одан әрі таралуының алдын алу жөнінде шаралар қабылдау, техниканы орналастыру, адамдардың болуы, жұмыс алаңын, мұнай өнімін жинау ыдыстарын және басқа да құрылыстарды жайластыру орындарын айқындау - авариялық учаскені ажырату ұйымдастырылады

4. Жауапты тұлғаның басшылығымен апатты жоюға кірісу (апаттың сипаты нақтыланады, нақты жағдайларға қатысты апатты жою тәсілі туралы шешім қабылданады, оған сәйкес апатты жою бойынша үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету үшін авариялық бригадалардың, техника мен техникалық құралдардың қажетті санын нақтылау, монтаждау жұмыстарының орындалуын ұйымдастыру

Білімдер:

1. Магистральдық мұнай құбырларындағы апаттар мен зақымдарды жоюды ұйымдастыру және жою

2. Ықтимал апаттарды жою жоспарының жедел және техникалық бөлігі

3. АҚЖ жүргізілуін ұйымдастыру:

3.1. апаттар мен зақымдарды жою технологиясы

3.2. АҚЖ дайындық іс-шаралары

3.3. төгілген айдалатын мұнай өнімін окшаулау және жинау

3.4. жер жұмыстары

3.5. құбырдың ішкі қуысын тығыздау

Дағдыны тану мүмкіндігі :

Ұсынылмайды

Дағды 3:
Апатты жою жөніндегі жұмыстарды аяқтау

Машықтар:

1. Апатты жою жөніндегі монтаждау жұмыстары аяқталғаннан кейін және дәнекерленген қосылыстарды бақылау нәтижелерімен танысқаннан кейін, егер олар оң болса, диспетчерге, бұдан әрі - басшылыққа монтаждау жұмыстарының аяқталуы және құбырдың айдауды қайта бастауға дайындығы туралы хабарлау. Тігістердің, жарықтардың, дақтардың тығыздығы анықталған кезде оларды осы жағдайға ұсынылған әдістердің бірімен жою бойынша шаралар қабылданады

2. Желілік ысырмаларды ашу бойынша жауаптылар тағайындалады, диспетчердің өкімі бойынша оларды ашуға рұқсат етіледі

3. Жөнделген учаске, дәнекерленген тігістер және басқа да технологиялық қосылыстар құбырды іске қосқаннан және онда жұмыс қысымына жеткеннен кейін сыңылаусыздыққа тексеріледі, диспетчерге және одан кейін басшылыққа учаскенің күйі туралы баяндалады

Білімдер:

1. Дәнекерлеу-монтаждау жұмыстары

		<p>2. Дәнекерлеу қосылыстарын бақылау және ақауларды жою</p> <p>3. Құбырды окшаулау</p> <p>4. Апаттардың салдарын жою</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
<p>Еңбек функциясы 2: Магистральдық мұнай құбырларында мұнай мен мұнай өнімдерінің авариялық төгілуіне қарсы күрес жөніндегі қызметті техникалық қамтамасыз ету</p>	<p>Дағды 1: Мұнай мен мұнай өнімдерінің авариялық төгілуіне қарсы күрес жөніндегі техникалық құжаттаманы әзірлеу</p>	<p>Машықтар:</p> <p>1. Магистральдық мұнай құбырларында мұнай мен мұнай өнімдерінің авариялық төгілуін жою мәселесі бойынша нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеуге қатысу</p> <p>2. Бөлімшелер қызметкерлерінің және техникалық құралдардың магистральдық мұнай құбырларында мұнай мен мұнай өнімдерінің авариялық төгілуін жою жөніндегі жұмыстарды орындауға тұрақты дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі жоспарлар мен ұйымдастыру іс-шараларын әзірлеуге қатысу</p> <p>3. Мұнайдың төгілуін жою жөніндегі операцияларды жүргізу жөніндегі іс-шаралар мен ұсынымдарды әзірлеуге қатысу</p> <p>4. АҚКП техникалық жарақтандырылуын перспективалық дамыту бойынша өндірістік жоспарлар мен ұсыныстарды әзірлеуге қатысу</p> <p>5. Ықтимал апаттарды жою жоспарына сәйкес жыл сайынғы оқыту, оқу дабылдары және апатқа қарсы жаттығулар бағдарламалары мен кестесін әзірлеу</p> <p>6. Авариялық-қалпына келтіру пункті қызметінің қажетті техникалық құжаттамасын жүргізу</p>
		<p>Білімдер:</p> <p>1. Магистральдық мұнай құбырларындағы мұнай мен мұнай өнімдерінің авариялық төгілуін жою мәселесі бойынша нормативтік-техникалық құжаттама</p> <p>2. Коммуникациялары бір техникалық дәлізде өтетін ведомстволардың өзара қарым-қатынасы, объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау туралы ереже</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
		<p>Машықтар:</p> <p>1. Магистральдық мұнай құбырларында мұнай мен мұнай өнімдерінің авариялық төгілуіне байланысты төтенше жағдайларда жұмыскерлерді іс-қимылға оқыту жоспары мен бағдарламаларын жасау</p> <p>2. Бөлімше персоналы мыналарды білуге тиіс оқудың жүргізілуін қамтамасыз ету:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өзіне бекітіліп берілген объектілердің ерекшелігі мен орналасуы, олардың іргелес құбырларға, құрылыстарға қатысты орналасуы, электр беру, байланыс желілеріне және т. б. қатысты орналасуы - қызмет көрсетілетін құбырдың өту аймағында орналасқан құбырлардың, кабельдердің, әуе

	<p>Дағды 2: Қызметкерлерді оқытуды ұйымдастыру</p>	<p>желілерінің және басқа да құрылыстар мен коммуникациялардың күзет аймағында жұмыс жүргізу ережесі</p> <p>- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі, гигиена және өнеркәсіптік санитария және қоршаған орта, жол қозғалысы қауіпсіздігі және т.б. мәселелері бойынша арнайы жабдықтар мен химиялық құралдарды пайдалану кезіндегі ережелер, нормалар, стандарттар және т. б. нормативтік құжаттар</p> <p>3. Авариялық-қалпына келтіру пунктінің қызметкерлеріне күзет, өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқамалар мен жыл сайынғы оқытуды ұйымдастыру және уақтылы жүргізу</p> <p>4. Еңбекті қорғау, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеу және уақтылы қайта қарау және олармен авариялық-қалпына келтіру пунктінің қызметкерлерін қамтамасыз ету</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Учаскенің өндірістік-шаруашылық қызметі жөніндегі заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, әдістемелік және басқа да материалдарды қамтиды</p> <p>2. Оқыту бағдарламаларын әзірлеуге қойылатын талаптар</p> <p>3. Қызметкерлерді аттестаттау тәртібі</p> <p>4. Магистральдық мұнай құбырларындағы апаттар мен төгілулерді жою кезінде пайдаланылатын техникалық құралдар</p> <p>5. Мұнай мен мұнай өнімдерінің авариялық төгілуіне байланысты төтенше жағдайларда жұмыскерлерді іс-қимылға оқыту жоспары мен бағдарламасын жасау әдістемесі</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
<p>Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:</p>	<p>Шешімдерді уақтылы (жедел) қабылдау және іске асыру</p> <p>Міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету</p> <p>Талдау және болжау</p>	
<p>Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:</p>	<p>1. ҚР СТ 3362-2019 "Магистральдық мұнай құбырлары. Техникалық пайдалану";</p> <p>2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 354 бұйрығымен бекітілген магистральдық құбырларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары;</p> <p>3. ҚР СТ 2079-2010 "Магистральдық мұнай құбырлары. Газ қауіпті жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру";</p> <p>4. ҚР СТ 2080-2022 "Магистральдық мұнай құбырлары. Өрт қауіпсіздігі";</p> <p>5. ҚР СТ 2081-2011 "Магистральдық мұнай құбырлары. Пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары".</p>	
<p>СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:</p>	<p>СБШ-нің деңгейі: 6</p>	<p>Кәсіптің атауы: Магистральды құбырлар пайдалу жөніндегі инженер</p>

10. "Теңізде мұнай және мұнай өнімдерінің авариялық төгілуімен күрес жөніндегі инженер" кәсіптің карточкасы:

Топтың коды:	2149-3		
Қызмет атауының коды:	2149-3-004		
Кәсіптің атауы:	Теңізде мұнай және мұнай өнімдерінің авариялық төгілуімен күрес жөніндегі инженер		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	БТБА немесе БА-мен байланысы жоқ		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Инженерия және инженерлік іс	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Кәсіби салада кемінде 1 жыл		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Қажет емес		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2149-3-002 - Авариялық-құтқару жұмыстарының инженері 2149-3-006 - Теңіздегі құтқару операциялары жөніндегі инженер 2149-3-009 - Су астындағы техникалық жұмыстар жөніндегі инженер		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Теңізде мұнай және мұнай өнімдерінің авариялық төгілуіне қарсы күрес жөніндегі жұмыс		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Теңізде мұнай мен мұнай өнімдерінің авариялық төгілуіне қарсы күрес жөніндегі ұйымдастыру-техникалық іс-шараларды жүзеге асыру 2. Теңізде мұнай мен мұнай өнімдерінің авариялық төгілуіне қарсы күрес жөніндегі қызметті техникалық қамтамасыз ету	
	Қосымша еңбек функциялары:	-	
	Дағды 1: Авариялық-құтқару бригадаларын дайындауға жедел-техникалық басшылық ету	Машықтар: 1. Мұнайдың авариялық төгілуін жою жөніндегі жұмыстарды орындау үшін бөлімшелердің құрамы мен жабдықталуын анықтау 2. Апат орнына шығар алдында авариялық-құтқару бригадаларына нұсқаулық жүргізу 3. Мұнай және мұнай өнімдері төгілген жағдайда қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі шараларды айқындау	
		Білімдер:	

		<ol style="list-style-type: none"> 1. Мұнай өнімдерін тасымалдау және сақтау, барлау және өндіру, өңдеу және сақтаудың технологиялық процесі 2. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, "Магистральдық құбыр туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3. Мұнаймен және мұнай өнімдерімен ластанудан теңіз ортасын қорғау мәселелері жөніндегі қаулылар, бұйрықтар, өкімдер, әдістемелік, нормативтік құжаттар 4. Мұнайдың төгілуін жою жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде пайдаланылатын арнайы жүйелер мен жабдықтардың, құрылғылардың техникалық сипаттамасы 5. Кемелерден ластануды болдырмау жөніндегі халықаралық конвенцияның (МАРПОЛ), теңіз ортасының ластануын болдырмау жөніндегі халықаралық теңіз ұйымының (ИМО) қарарының және т.б. ережелері 6. Экономика, еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздері 7. Еңбек заңнамасының негіздері 8. Лицензиялық қызметке қойылатын талаптар 9. Ішкі еңбек тәртібінің тәртібі, ережелері еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
<p>Еңбек функциясы 1: Теңізде мұнай мен мұнай өнімдерінің авариялық төгілуіне қарсы күрес жөніндегі ұйымдастыру-техникалық іс-шараларды жүзеге асыру</p>	<p>Дағды 2: Теңізде мұнай және мұнай өнімдерінің төгілуімен аварияларды жою</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Төгілуді жою әдістерін анықтау 2. Күштер мен құралдардың мүмкіндіктерін, өзара әрекеттесуін бағалау 3. Басқаруды, байланысты және құлақтандыруды ұйымдастыру 4. Мұнай мен мұнай өнімдерінің аварияларын және төгілуін жою бойынша операцияларды жүргізу мерзімін анықтау және есептеу 5. Төгілудің төгілу деңгейі мен таралу қауіпінің ауқымын бағалау <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мұнай және мұнай өнімдерінің төгілуі бойынша аварияларды жою технологиясы 2. Қоршаған ортаны қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру әдістері 3. Мұнайдың авариялық төгілуін жою жөніндегі жұмыстарды орындау кезіндегі еңбекті қорғау ережелері мен нормалары 4. Авариялар мен инциденттердің салдарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар жоспары

		<p>5. Мұнай мен мұнай өнімдерін төгу ауданының оны жою жөніндегі операцияларды ұйымдастыру және жүргізу кезінде ескерілетін географиялық, навигациялық-гидрографиялық, гидрометеоро-логиялық және басқа да ерекшеліктері</p> <p>6. Мұнай мен мұнай өнімдерінің, пайдаланылатын диспергенттер мен сорбенттердің физика-химиялық қасиеттері</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	<p>Дағды 3: Мұнайдың төгілуін жою жөніндегі жұмыстарды аяқтау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Төгілулерді кәдеге жаратудың соңғы деңгейін және мұнай мен мұнай өнімдерінің төгілуін жою жөніндегі операцияларды аяқтау критерийлерін айқындау 2. Мұнайдың төгілуін жою бойынша жүргізілген шаралар мен операциялар туралы есеп жасау 3. Ден қою операциялары кезінде жүргізілген барлық шығыстар туралы есептер жасау 4. Қолданылған ден қою материалдары туралы есептер жасау (мысалы, отын түрі, оның саны, пайдалану мақсаты) 5. Мұнайдың төгілуінен экологиялық және экономикалық залалды бағалауды жүргізу 6. Теңізде мұнайдың және мұнай өнімдерінің авариялық төгілуін жою жөніндегі жұмыстарды жүргізу тәжірибесін қорыту <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Есеп берудің нысандары мен тәртібі 2. Жұмыс бейіні бойынша мамандандырылған бағдарламалық өнімдер 3. Экологиялық және экономикалық залалды есептеу әдістері
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	<p>Дағды 1: Теңізде мұнай мен мұнай өнімдерінің авариялық төгілуіне қарсы күрес жөніндегі техникалық құжаттаманы әзірлеу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Теңізде мұнай және мұнай өнімдерінің төгілуін жою мәселесі бойынша нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеу 2. Теңізде мұнай мен мұнай өнімдерінің авариялық төгілуін жою жөніндегі жұмыстарды орындауға бөлімшелер қызметкерлерінің және техникалық құралдардың тұрақты дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі жоспарлар мен ұйымдастыру іс-шараларын әзірлеу 3. Мұнайдың төгілуін жою жөніндегі операцияларды жүргізу жөніндегі іс-шаралар мен ұсынымдар әзірлеу 4. Бөлімшелердің техникалық жаратандырылуын перспективалық дамыту бойынша өндірістік жоспарлар мен ұсыныстар әзірлеу

		<p>5. Қауіпті өндірістік объектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын әзірлеу</p> <p>6. Жыл сайынғы оқу-жаттығулар мен жаттығулар кестесін әзірлеу</p>
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Кәсіпорынның өндірістік қызметі мен кәсіби қызметіне қатысты нормативтік-техникалық, ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттар мен әдістемелік материалдар 2. Нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеуге қойылатын талаптар 3. Теңіз көлігі қызметкерлерінің тәртібі туралы жарғы 4. Теңіз кемелерін техникалық пайдалану қағидалары 5. Экологиялық стандарттар мен нормативтер жүйесі
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
<p>Еңбек функциясы 2: Теңізде мұнай мен мұнай өнімдерінің авариялық төгілуіне қарсы күрес жөніндегі қызметті техникалық қамтамасыз ету</p>	<p>Дағды 2: Мұнай мен мұнай өнімдерінің ықтимал төгілуін болдырмауға және (немесе) олардың салдарларының қауіптілік ауқымын азайтуға бағытталған инженерлік-техникалық іс-шараларды жүргізу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Технологиялық жабдықтың ақауларын анықтау 2. Қоршаған орта үшін мұнай ластануының ықтимал салдарын болжау 3. Төтенше іс-шараларды жоспарлау 4. Мұнай мен мұнай өнімдерінің төгілуінің алдын алу мақсатында оқу-жаттығулар мен жаттығулар өткізу 5. Әлеуетті қауіпті аймақтарды анықтау 6. Техникалық-экономикалық негіздемелерге, жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейту және қайта жаңарту жобаларына, сондай-ақ құрылатын жаңа технологиялар мен жабдықтарға экологиялық сараптаманы жүзеге асыру, жаңа техниканы енгізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының теңізде, ішкі су айдындарында және сақтандыру аймағында мұнайдың төгілуін жоюға әзірлік пен іс-қимылды қамтамасыз етудің Ұлттық жоспары 2. Мұнай төгілуі бойынша аварияларды жою кезінде қолданылатын технологиялық жабдықты пайдалану ережесі 3. Мұнайдың авариялық төгілуін жою саласындағы озық отандық және шетелдік тәжірибе 4. Мұнай төгілуі бойынша аварияларды жою кезінде қолданылатын технологиялық жабдықты жұмылдыру және өрістету тәртібі 5. Экологиялық сараптама жүргізуге қойылатын талаптар
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды

	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мұнай және мұнай өнімдерінің төгілуіне байланысты төтенше жағдайларда қорғану тәсілдері мен іс-қимылдарға қызметкерлерді оқыту жоспары мен бағдарламаларын құру 2. Мұнайдың төгілуін жоюмен айналысатын барлық персонал үшін нұсқаулық жүргізуді қамтамасыз ету 3. Арнайы жабдықтарды немесе химиялық құралдарды пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасына оқыту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру 4. Жеке және ұжымдық қорғану құралдарын пайдалану <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қызметкерлерді мұнай мен мұнай өнімдерінің төгілуіне байланысты төтенше жағдайларда қорғану тәсілдері мен іс-қимылдарға оқыту бағдарламасы 2. Оқыту бағдарламаларын әзірлеуге қойылатын талаптар 3. Қызметкерлерді аттестаттау тәртібі 4. Авариялар мен төгілулерді жою кезінде пайдаланылатын техникалық құралдар 	
	<p>Дағды 3: Қызметкерлерді оқытуды ұйымдастыру</p>	
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі : Ұсынылмайды</p>	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	<p>Жауапкершілік Күйзеліске тұрақтылық Аналитикалық ойлау Зейінділік Мәселелерді шешуге кәсіби көзқарас Ұйымдастырушылық қабілеттер Өз бетінше жұмыс істей білу Жеделдік Қазіргі және болашақтағы проблемаларды шешу және шешімдер қабылдау үшін жаңа ақпараттың мәнін түсіну</p>	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	<ol style="list-style-type: none"> 1. ҚР СТ 3362-2019 "Магистральдық мұнай құбырлары. Техникалық пайдалану"; 2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 354 бұйрығымен бекітілген магистральдық құбырларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары; 3. ҚР СТ 2079-2010 "Магистральдық мұнай құбырлары. Газ қауіпті жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру"; 4. ҚР СТ 2080-2022 "Магистральдық мұнай құбырлары. Өрт қауіпсіздігі"; 5. ҚР СТ 2081-2011 "Магистральдық мұнай құбырлары. Пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары". 	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	6	Авариялық-қалпына келтіру пунктінің бастығы
11. "Су астындағы техникалық жұмыстар жөніндегі инженер" кәсіптің карточкасы:		
Топтың коды:	2149-3	
Қызмет атауының коды:	2149-3-009	

Кәсіптің атауы:	Су астындағы техникалық жұмыстар жөніндегі инженер		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	БТБА немесе БА-мен байланысы жоқ		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Инженерия және инженерлік іс	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Кәсіби салада кемінде 1 жыл		
Формалды емес және информгалы біліммен байланыс:	Қажет емес		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	-		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Су астындағы техникалық жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Магистральдық құбырдың бекітілген учаскесінде су асты-техникалық жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу	
	Қосымша еңбек функциялары:	-	
	Дағды 1: Су асты-техникалық жұмыстарды дайындауға жедел-техникалық басшылық жасау	<p>Машықтар:</p> <p>1. Бекітілген учаскелерде магистральдық құбырлар жұмысының сенімділігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастыру - техникалық іс-шаралар жоспарын орындау (күзет аймағындағы басқа қызметтер мен ұйымдар орындайтын барлық жұмыстарды үйлестіру және қадағалау, аварияларды болдырмау және алдын алу мақсатында кестеге сәйкес техникалық қызмет көрсету және жөндеу іс-шараларын жүргізу)</p> <p>2. Құбырлардың, су құбырларының және су жинау құрылыстарының су асты өткелдерін уақтылы және сапалы тексеруді ұйымдастыру және жүргізу, апаттардың (істен шығудың) алдын алу</p> <p>3. Учаскенің барлық техникалық құралдарын су асты-техникалық жұмыстарға тұрақты дайындықта ұстауды қамтамасыз ету</p> <p>4. Қызметкерлердің құбырларды техникалық пайдалану қағидаларын, өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын, еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды уақтылы оқытуды және білімдерін тексеруді қамтамасыз ету</p>	

5. Құбырларды пайдалану және жөндеу кезінде қауіпсіздік нормалары мен ережелерінің, жүзу құралдарын, сүңгуір техникасын пайдалану ережелерінің, сүңгуір жұмыстарындағы еңбек қауіпсіздігі ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету

6. Учаскенің өндірістік қызметін жоспарлауды, есепке алуды және есептілікті жасауды ұйымдастыру; учаскенің өндірістік қызметіне және жөндеу жұмыстарына қажетті материалдарға, қосалқы бөлшектерге, аспаптарға және т. б. өтінім жасау

7. Учаскенің жоспарлы тапсырмаларды орындауын, өндірістік қуаттарды тиімді пайдалануды, материалдарды үнемді жұмсауды қамтамасыз ету

Білімдер:

1. Мұнай мен газды тасымалдаудың технологиялық процесі
2. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, "Магистральдық құбыр туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.
Теңіз ортасын мұнаймен және мұнай өнімдерімен ластанудан, теңіз геофизикалық, геотехникалық және сейсмологиялық жұмыстардан, теңіз іздестірулерінен және су асты-техникалық жұмыстардан қорғау мәселелері бойынша қаулылар, бұйрықтар, өкімдер, әдістемелік, нормативтік құжаттар, техникалық стандарттар
3. Мұнайдың төгілуін жою жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде пайдаланылатын арнайы жүйелер мен жабдықтардың, құрылғылардың техникалық сипаттамалары
4. Кемелерден ластануды болдырмау жөніндегі халықаралық конвенцияның (МАРПОЛ) ережелері, теңіз ортасының ластануын болдырмау жөніндегі халықаралық теңіз ұйымының (ИМО) қарарлары және т. б.
5. Экономика, еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздері
6. Еңбек заңнамасының негіздері
7. Лицензиялық қызметке қойылатын талаптар
8. Ішкі еңбек тәртібінің тәртібі, ережелері еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары

Дағдыны тану мүмкіндігі :

Ұсынылмайды

Машықтар:

1. Өндірістік қызметтің жоғары тиімділігін қамтамасыз ету бойынша өндірістік жоспарлар мен

Еңбек функциясы 1:
Магистральдық құбырдың бекітілген учаскесінде су асты-техникалық жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу

Дағды 2:
Су асты-техникалық жұмыстарды жүргізу және құбырдың су асты өткелдерінде ықтимал істен шығулардың (авариялардың) салдарын жедел оқшаулауды және жоюды ұйымдастыру

- корпоративтік стандарттарға сәйкес учаскенің жұмысын қамтамасыз ету
2. Кестелердің, техникалық нормативтердің, су асты-техникалық жұмыстарды жүргізу мерзімдерінің орындалуын бақылау
 3. От жұмыстарын дайындау мен өндіруді ұйымдастыруға бақылау жүргізу
 4. Құбыржолдардың істен шығуы (апат) жағдайында немесе апатқа қарсы жаттығулар жүргізу кезінде бондық тосқауылдар орнату, мұнай өнімдерін оқшаулау және жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру
 5. Сүңгуір техникасы мен барокамера объектілерінің қауіпсіз пайдаланылуына бақылау жүргізу
 6. Флоттың, сүңгуір жабдығының, механизмдердің және басқа да негізгі құралдардың техникалық дұрыс пайдаланылуын қамтамасыз ету
 7. Су асты-техникалық жұмыстардың объектілерінде жұмыстардың ұйымдастырылуын және технологиясының сақталуын бақылау

Білімдер:

1. Мұнай және мұнай өнімдерінің төгілуі бойынша аварияларды жою технологиясы
2. Су ортасын қорғау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру әдістері
3. Мұнайдың авариялық төгілуін жою жөніндегі жұмыстарды орындау кезіндегі еңбекті қорғау қағидалары мен нормалары
4. Авариялар мен инциденттердің салдарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар жоспары
5. Мұнай мен мұнай өнімдерінің төгілу ауданының географиялық, навигациялық-гидрографиялық, гидрометеорологиялық және басқа да ерекшеліктері, оны жою жөніндегі операцияны ұйымдастыру және жүргізу кезінде ескеріледі
6. Мұнай мен мұнай өнімдерінің, қолданылатын диспергенттер мен сорбенттер құралдарының физикалық-химиялық қасиеттері

Дағдыны тану мүмкіндігі:

Ұсынылмайды

Машықтар:

1. Су асты-техникалық жұмыстарды жүргізу технологиясы мен әдістерін әзірлеу үшін техникалық тапсырмаларды дайындауға қатысу
2. Еңбекті қорғау, денсаулық және қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік техникасы мәселелерін басқару жөніндегі міндеттерді орындау, қауіпсіздіктің өмірлік маңызды ережелерінің, техникалық тұтастық пен өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жоспарлардың сақталуын қамтамасыз ету

	<p>Дағды 3: Су асты-техникалық жұмыстарды жүргізу бойынша техникалық құжаттаманы әзірлеу</p>	<p>3. Басқа құрылымдық бөлімшелердің жетекші мамандарымен су асты-техникалық жұмыстарды келісу және су асты жабдықтарын жөндеу және модификациялау жөніндегі жобаларды іске асыруға интеграцияланған тәсіл мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау</p> <p>4. Мердігерлердің жобалау құжаттарына, ішкі техникалық стандарттарға, сондай-ақ теңіз іздестірулерінің және су асты-техникалық жұмыстардың барлық түрлеріне жататын рәсімдерге сараптамалық бағалауды жүзеге асыру</p> <p>5. Телебасқарылатын адам тұрмайтын суасты және жер үсті аппараттарын қолдану саласындағы техникалық стандарттар мен рәсімдерді әзірлеу және енгізу</p> <p>6. Шығындарды азайтуды қамтамасыз ету үшін теңіз іздестірулерін және су асты-техникалық жұмыстарды, сондай-ақ мердігерлермен шарттық талаптарды орындау стратегиясын енгізуді қамтамасыз ету</p> <p>7. Учаскедегі өндірістік қызмет бойынша есептік және техникалық құжаттама жасау</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Кәсіпорынның өндірістік қызметіне және кәсіби қызметіне қатысты нормативтік-техникалық, ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттар мен әдістемелік материалдар</p> <p>2. Нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеуге қойылатын талаптар</p> <p>3. Теңіз көлігі қызметкерлерінің тәртібі туралы жарғы</p> <p>4. Теңіз кемелерін техникалық пайдалану қағидалары, экологиялық стандарттар мен нормативтер жүйесі</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	<p>Жауапкершілік</p> <p>Ұқыптылық</p> <p>Дербестік және жауапкершілік</p> <p>Күйзеліске тұрақтылық</p> <p>Тез шешім қабылдай білу</p> <p>Тәртіптілік</p>	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		<p>1. ҚР СТ 3362-2019 "Магистральдық мұнай құбырлары. Техникалық пайдалану";</p> <p>2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 354 бұйрығымен бекітілген магистральдық құбырларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары;</p> <p>3. ҚР СТ 2079-2010 "Магистральдық мұнай құбырлары. Газ қауіпті жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру";</p> <p>4. ҚР СТ 2080-2022 "Магистральдық мұнай құбырлары. Өрт қауіпсіздігі";</p>

	5. ҚР СТ 2081-2011 "Магистральдық мұнай құбырлары. Пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары".		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	6	Авариялық-қалпына келтіру пунктінің бастығы	
12. "Авариялық-қалпына келтіру пункті мастері" кәсіптің карточкасы:			
Топтың коды:	3118-4		
Қызмет атауының коды:	3118-4-001		
Кәсіптің атауы:	Авариялық-қалпына келтіру пункті мастері		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	БТБА немесе БА-мен байланысы жоқ		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Кәсіби салада кемінде 1 жыл.		
Формалды емес және информталы біліммен байланыс:	Қажет емес		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	1323-0-016 - Участке мастері (құрылыс-жөндеу жұмыстары)		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Мұнай-газ саласы объектілерінің (магистральды, кәсіпшілікаралық және сығынды станциялардың технологиялық құбырлары, цехаралық құбырлар, айдау станциялары қондырғыларының технологиялық құбырлары, есептеу тораптары, жоғары, орташа және төмен қысымды газ тарату желілерінің құбырлары және т. б.) жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіруді қамтамасыз ету		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Құбырларды жөндеу бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу	
		2. Жоспарлы-ескерту, авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын, құбыржолдардағы аварияларды оқшаулау және жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және сүйемелдеу	

	Қосымша еңбек функциялары:	-
Еңбек функциясы 1: Құбырларды жөндеу бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу	Дағды 1: Құбырлардағы аварияларды жоюға дайындау	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Апат орындарын анықтау және өнімді ұстау 2. Қызметкерлердің біліктілігі, көлемі мен күрделілігін ескере отырып, ұтымды орналасуын және тиелуін қамтамасыз ету 3. Құбырлардың авариялық учаскесін жөндеуге қабылдау бойынша құжаттаманы ресімдеу 4. Уақытша кірме жолдарды, құбыржолдар арқылы өтетін өткелдерді, технологиялық және трассадан тыс өтетін жолдарды жайластыру 5. Қоршау және қорғау құрылғыларының, қауіпсіздік белгілерінің қажеттілігі мен орналасу орнын анықтау 6. Электр станцияларының, қысыммен ойып кесуді жүргізуге арналған жабдықтардың, компрессорлардың, көтергіш құрылыстардың, жүк ұстағыш құрылғылардың, арқандардың, артық қысыммен жұмыс істейтін жабдықтардың, технологиялық жабдықтардың, қысыммен ойып кесудің технологиясын қолдана отырып жұмыс жүргізуге арналған жабдықтардың техникалық жай-күйін бағалау 7. Нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес материалдық-техникалық құралдарды (жабдықтар, құбырлар, құбыр арматурасы, жанар-жағар май, дәнекерлеу материалдары, аспаптар, жарактар, аспаптар, өлшеу және бақылау құралдары, жеке қорғау құралдары) сақтауға арналған алаңдарды ұстау 8. Авариялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру 9. Авариялық техниканың жедел дайындығын қамтамасыз ету 10. Қолданылатын материалдарға арналған паспорттар мен сертификаттардың өзектілігін анықтау
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жөндеу технологиясына сәйкес қолданылатын материалдарға қойылатын талаптар 2. Жабдықты, механизмдерді, авариялық техниканы жөндеу және қызмет көрсету мерзімділігі мен түрлері 3. Жөндеу жұмыстарын жүргізуге арналған нормативтік және техникалық құжаттар 4. Материалдық-техникалық құралдардың шығыс нормалары 5. Іс жүргізу бойынша нормативтік құжаттар 6. Еңбек заңнамасының негіздері

	7. Ішкі еңбек тәртібінің тәртібі, ережелері еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
Дағды 2: Құбырларды қарау	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құбырларды патрульдеу және тексеру жүргізу 2. Құбыр ақауларын анықтау 3. Технологиялық жабдықтың ақауын анықтау 4. Жалпы және арнайы мақсаттағы технологиялық схемаларды, сызбаларды, карталар мен техникалық құжаттаманы оқу 5. Машиналардың, механизмдердің, көтергіш құрылыстардың, жол-құрылыс және арнайы техниканың жоспарлы сандық және сапалық құрамы кезінде уақытша кірме жолдарды, құбыржолдар арқылы өтетін жолдарды, технологиялық және трассадан тыс өтетін жолдарды жайластыру қажеттілігін анықтау 6. Әртүрлі байланыс құралдарын пайдалану <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жөндеу жұмыстарын жүргізу жобаларын әзірлеу үшін бастапқы деректерді алу әдістері 2. Мұнай-газ саласындағы объектілерді диагностикалау әдістері 3. Жөндеу объектілерін диагностикалық тексеру нәтижелері 4. Жөнделетін және жапсарлас құбырлардың орналасуы, олардың барлық жер асты және жер үсті коммуникацияларымен қиылысуы 5. Жөнделетін учаскеге жобалық, атқарушылық және пайдалану құжаттамасы 6. Диагностиканың әр түрлі әдістері кезінде анықталатын жөндеу объектілері ақауларының түрлері 7. Жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспар-кестелері
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
Дағды 1: Авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастыру және сүйемелдеу	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құбырдың герметикалығын сенімді қалпына келтіру, құбырдың жөнделетін учаскесінің беріктігі мен көтеру қабілетінің жобалық деңгейін қамтамасыз ету арқылы аварияларды жоюды жүзеге асыру 2. Тазарту және диагностикалық құралдарды өткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында құбырдың ішкі қуысының жобалық өлшемдерін сақтай отырып жөндеу жұмыстарын жүргізу 3. Құбырларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша іс-шаралар кешенін орындау

<p>Еңбек функциясы 2: Жоспарлы-ескерту, авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын, құбыржолдардағы аварияларды оқшаулау және жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және сүйемелдеу</p>		<p>4. Авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын, оның ішінде газбен кесу және дәнекерлеу-монтаждау жұмыстарын жүргізуге жұмыс орындарын дайындау</p> <p>5. Авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін қажетті бөлімше қызметкерлерінің саны мен біліктілік құрамын анықтау</p> <p>6. Авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге арналған механизмдердің, көтергіш құрылыстардың, арнайы техниканың саны мен құрамын анықтау</p> <p>7. Дәнекерлеу және газбен кесу жабдықтарының, жарақтар мен құралдардың техникалық жай-күйін анықтау</p> <p>8. Құбырлардың авариялық қорының сақталуын және есебін, болуын және жұмсалуды қамтамасыз ету</p> <p>9. Жұмыс жүргізуге рұқсат-нарядтарды және басқа да арнайы рұқсаттарды ресімдеу</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
	<p>Дағды 2: Мұнай-газ саласындағы объектілерде авариялық-қалпына келтіру жұмыстары бойынша есеп жүргізу және есептілік жасау</p>	<p>Машықтар:</p> <p>1. Орындалған авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының ағымдағы жағдайы (кезеңдері) туралы жедел ақпарат жинау</p> <p>2. Объектілер бөлінісінде орындалған авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының көлемін ескеру</p> <p>3. Жабдықтардың, машиналардың, механизмдердің, көтергіш құрылыстардың, жол-құрылыс техникасының жұмысын есепке алуды жүргізу</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізу, есептілікті жасау ережесі</p> <p>2. Авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу жобасы</p> <p>3. Жұмыс уақытын пайдалануды табельдік есепке алу тәртібі</p> <p>4. Аварияларды жою жоспарлары</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
	<p>Техникалық сауаттылық Ұқыптылық Орындаушылық Команда мүшесі ретінде тиімді жұмыс істеу</p>	

Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Міндеттерді орындаудағы дәлдік Дербестік Тез шешім қабылдай білу Өз жұмысы үшін және команда жұмысы үшін жауапкершілік Кәсіптік біліктілігі мен икемділігін өз бетінше дамыту қабілеті		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	1. ҚР СТ 3362-2019 "Магистральдық мұнай құбырлары. Техникалық пайдалану"; 2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 354 бұйрығымен бекітілген магистральдық құбырларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары; 3. ҚР СТ 2079-2010 "Магистральдық мұнай құбырлары. Газ қауіпті жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру"; 4. ҚР СТ 2080-2022 "Магистральдық мұнай құбырлары. Өрт қауіпсіздігі"; 5. ҚР СТ 2081-2011 "Магистральдық мұнай құбырлары. Пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары".		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	6	Магистральды құбырларды пайдалану жөніндегі инженер	
13. "Сүңгуірлік жұмыстардың шебері" кәсіптің карточкасы:			
Топтың коды:	1325-1		
Қызмет атауының коды:	1325-1-014		
Кәсіптің атауы:	Сүңгуірлік жұмыстардың шебері		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	БТБА немесе БА-мен байланысы жоқ		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: ТЖКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Кәсіби салада кемінде 1 жыл		
	Практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: 5-разрядты сүңгуір ретінде кемінде үш жыл Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары: Жұмысқа жіберу еңбекті қорғау жөніндегі талаптарға сәйкес міндетті алдын ала және		

Формалды емес және информгалы біліммен байланыс:	мерзімді медициналық тексеруден өту жүзеге асырылады. Басқа сипаттамалар: Сүңгуірдің біліктілік деңгейін ұстап тұру үшін жалпы ұзақтығы 6-разрядты сүңгуір үшін жылына 80 сағаттан кем емес п	
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	-	
